

● ЭКСПО-САЯХАТ

ӨРКЕНИЕТТІҢ АЛТЫН КӨПІРІ

АСТАНАДАН АРНАУЛЫ ТІЛШІМІЗ ДӘУІРЖАН ЕЛУБАЕВ ХАБАРЛАЙДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «ЭКСПО-2017» көрмесінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: «ЭКСПО – ғылыми жаңалық қана емес, ол барлық елдер мен өркениеттерді жалғайтын алтын көпір», – деген еді. Бұған көп ұзамай-ақ көз жеткіздік. Көрме ашық деп жариялағаннан кейін кезек қазақстандық ұлттық павильон мен шетелдік павильондарды аралауға тиді. Аймақтық БАҚ журналистерінің баспасөз саяхаты ЭКСПО қалашығын тамашалауға арналды. Ал салтанатты жиынды қазақстандықтар ғана емес, төрткүл әлемнің түкпір-түкпіріндегі жұрт тікелей трансляция арқылы тамашалағаны өздеріңізге мәлім. Осылайша, Қазақстанды әлемге танытатын «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін алғашқылардың бірі болып аралаудың сәті түсті. 90 күнге созылатын көрменің барша қызықтары мен оның тиімділігін сарапшылар айта жатар, біз көрме ресми ашылған, одан кейінгі күні көргенбізденімізді, естен кетпес әсерімізді бөлісейік.



ЖАҢА ИДЕЯЛАР БЕСІГІ

Көпшілік күткен көрме ресми түрде ашылған күннің ертесіне оған қатысуға өтініш берген 115 мемлекеттің 87-сі өз павильонын ашты. Оның ішінде Қазақстандық ұлттық павильон да бар. Біз 25 гектар аумақты алып жатқан алып қалашықтағы саяхатты халық «шар» атап кеткен осы «Нұрлы Әлем» сферасынан бастадық. Биіктігі 100, ал диаметрі 80 метрді құрайтын қазақ елінің павильоны төңірекке айрықша сән беріп, асқақтап тұр. ЭКСПО аумағындағы өзге павильондардың бәрі осы алып шарды қоршай орналасқан. Күні кеше осы шыны ғимарат алыстан «менмұндалап» көрінген кезде-ақ «шіркін, көрменің басты нышаны – сфераны түгел аралап, әлемдегі осы тектес ғимараттардың ең үлкені саналатын бірегей нысанның төбесінен көз салсаң, қиялық шартарапты шарлар еді-ау!» деп қиялдаған едік. Енді міне, саяхатты нақ осы баламалы энергия көздері шоғырланған «Нұрлы Әлем» сферасынан бастағы турмыз.

Қазақстанның ұлттық павильонын «Болашақ энергиясының мұражайы» десеңіз, тіпті де қателеспейсіз. Мұны осында болған сәтте-ақ бағамдап үлгердік. Пішіні шар тәріздісін алып ғимарат 8 қабаттан тұрады. Болашақтың энергиясын табуға күллі адамзатты біріктіруге шақырған, еліміздің әлеуетін таныстыратын «Нұрлы Әлем» сферасын аралап шығуға 4 сағат уақытымызды арнадық. Төменгі қабатта екі шатыр тігілген. «Жақсыны – көрмек үшін» деген, танысуды осы жерден бастадық. Танданысын жасыра алмай шетелдік қонақтар да жүр. Мұндағы сиқырлы тақадан көрме қонақтары – туристер ұлтымыздың бай салт-дәстүрімен танысуда. Ұлттық құндылық атаулары жазылған тақтаға қол үлгісезңіз, осы жерде тұрып-ақ сайын дала төсінде еркін ғұмыр кешкен дархан халықтың сан ғасырлық ғұрпы туралы

мәліметтерге қанығасыз. Суретті тақта сөйлегенде проекциядан берілген көріністер арқылы Ұлы даланың кендігін сезінесіз. Қазақстанның табиғаты, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі де түгел қамтылған. Бұған қоса, ұлттық павильонда Алтын адамның көшірмесі, жер мен ғарышты байланыстыратын Бөйтерек пен алып самұрық құстың алтын жұмыртқасының декорациясы орнатылған. Ал келесі шатырға енгенде сәт санап көркейіп келе жатқан Елорданы аралағандай күй кештік. Бұған қоса, мұнда ҚР Энергетика министрлігі жанындағы ғылыми-техникалық кеңесте іріктеуден өткен қазақстандық өнертапқыштардың инновациялық жобалары қойылды. «Ұлттық павильонға



қойылған отандық ғалымдар мен ұйымдардың ғылыми-техникалық жобалары қазірдің өзінде осында келушілердің назарын еріксіз өзіне аударып, қызығушылық тудырады», – дейді мамандар.

Жұртшылықты таң-тамаша қалдырған жобалардың тақырыбы – энергияның жана жаңғыртпалы көздерін дамыту, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, қоршаған ортаға жағымсыз ықпалды төмендету технологияларымен байланысты. Бүгінгі таңда аталған жобалардың басым бөлігі ішкі нарықта сұранысқа ие болса, кейбірі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларында қолданыста жүр. Еске сала кетейік, ел Президенті өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы:

жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында осындай инновациялық жобаларға қолдау көрсетіп, оларды өндіріске жылдам енгізу мәселесіне баса назар аударған болатын.

Ұлттық павильонның әр қабаты тақырыпқа сай безендірілген. Оны өз көзімізбен көргеннен кейін кеудемізге жылылық ұялады. Әсіресе, Астана қаласының болашағына арналған сегізінші қабатпен танысу алабеттен қуаныш сыйлады. Ал осы ең жоғарыдағы шыны көпірмен бойлай жүріп төменге көз салсаңыз, сонау 1 қабатқа дейінгі көрініс көз алдыңызда. Мәселен, жетінші қабат құпия сырын ішіне бүккен, жұмбағы мол ғарыш саласына арналған. Қызығы, өте шебер жасалған декорациялар сізді өзге ғаламшарға саяхатқа апарды. Бір сәт ғарышкер сезініп, олардың өмір-салтымен танысасыз. Алтыншы қабат – Күн энергиясына арналған. Яғни, оның энергиясынан қуат алатын озақ технологиялар сізді қайран қалдырады. Тіпті, экспозиция арқылы Күннің ішіне «кіруге» болады. Айта кетерлігі, Тамғалы шатқалындағы тасқа ойылып жазылған петроглифтер ежелгі адамдардың күнге табынғанын көрсетеді. Кейбір ғалымдар Тамғалыдағы күн бейнесіндегі құдай суреті күннің ежелгі адам тәріздісін суреттері деп болжайды. Павильонның бесінші қабатында жел энергиясы мен оның тарихы баяндалса, онан төменгі бөлімде биомассадан энергия алудың озық тәжірибесі таныстырылады. Ал «Кинетикалық энергия» тақырыбы үшінші қабаттағы экспозицияға тамыздық болыпты. Ұлттық көрменің екінші қабаты толығымен су энергиясына арналған екен. Қысқасы, мұнда келген әр адам балама энергияға қатысты қызықты жобалармен, сондай-ақ, қазақтың тарихы және мәдениетімен, салт-дәстүрімен, яғни, бұл күнде әлем таныған Қазақстанның өткені және бүгінімен танысып, келешектегі келбетін көз алдына келтіреді.

2-бет

● МӘЖІЛІС

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ МЕРЗІМІНДЕ ИГЕРІЛУІ ТИІС

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың жетекшілігімен аппарат мәжілісі өтті. Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралып, биылғы жылдың бірінші жарты жылдығында атқарылған шаралар барысы талқыланды.

Аймақ басшысы алдымен өңірдегі мемлекеттік органдарды жобалық басқару жобасына тоқталып өтті. Бұл жобаға байланысты облыстық делегация өткен айда Ресей Федерациясының Волгоград облысында болып, тәжірибе жинақтап қайтқан еді. Ендігі кезекте көрші мемлекеттен келген арнайы топ біздің орган басшыларымен кездесіп, семинарлар өткізуде. Облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким аталған жобаға қатысты хабарлама жазап, атқарылар шараларды пысықтады.

Сонымен бірге, кәсіпкерлік төңірегінде жұмысты жүйелендіру қажеттігі де назарға алынды. Аймақ басшысы ауылда қаржылық бірлестіктерді дамытуға құзыретті мекеме басшылары ықпал жасау керектігіне тоқталды. Әрбір елді мекенде мошна мен шаштараз, наубайхана салу үшін мемлекет тарапынан түрлі жеңілдетілген несие қарастырылғанын, оны ұйымдастыруда округ әкімдігі, жауапты мекеме басшылары салғырттық танытатындығын жеткізді.

Мәжілісте облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2017 жылға арналған облыс әкімінің іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы мәселе қаралды. Бұл жағдайда облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова баяндады.

Жыл басынан бері жоспарды жүзеге асыру бойынша облыстық мекемелер тарапынан ешқандай салғырттық фактісі болған жоқ. Үстіміздегі жылдың алты айында 71 іс-шараны жүзеге асыру жоспарланса, оның 51-і толығымен орындалған. Қалған 20 іс-шара жоспарда белгіленген уақытта бітпегенімен, жауаптылар тарапынан жүйелі жұмыс жүргізілуде. Оларды жылдың екінші бөлігінде аяқтау жоспарланып отыр, – деді басқарма басшысы.

Хабарлама барысында Сәуле Ибраһимқызы 2017 жылға арналған меморандум индикаторларының 5 айда орындалуы барысына тоқталды.

Сонымен бірге, облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев күн тәртібіне қойылған бюджет қаражатын игеру мәселесіне қатысты бірқатар деректерді келтірді.

Басқарма басшысының айтуынша, облыс бюджетінің 2017 жылдың 5 айындағы түсімдері 103,6 пайызға орындалған.

Жалпы, облыстық бюджеттің кірістерінің 673,5 млн теңгесі табыс салығынан, 630,8 млн теңгесі әлеуметтік салықтан, 291,8 млн теңге меншік салығынан түскен. Ал салықтық емес түсімдерден 97,4 млн теңге, мүлктік және жер учаскелерін сатудан 79,7 млн теңге кіріс кірген. Облыстық бюджеттен бұрын берілген кредиттерді ертерек өтеуден түскен ақша 1,3 млрд теңгені құраған.

Сондай-ақ, облыс тайқазанындағы шығыстар жоспары 96,9 пайызға игерілген. Сонымен қатар, мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бөлінген қаржы да толықтай игеріліп, ел мүддесіне жұмсалған.

Мәжіліс отырысында жануарларды аса қауіпті жұқпалы аурулардан алдын алу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Аймақ басшысы ауыл шаруашылығын алға оздырғысы келетін өңір үшін бұл мәселенің өзекті екенін жеткізді.

Облыс биыл Париж қаласында өткен Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның Бас Ассамблеясының 85-сессиясында вакцина қолданатын аусыл бойынша таза аймақ мәртебесін алды. Бұл үшін қаншама уақыт және ресурстар кетті. Сондықтан, бұл мәртебені ұстап тұру үшін бізге барлық тиісті шараларды қабылдап, уақытылы орында-

луын қатаң бақылауға алу қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерұлтан Апетовтің айтуынша, өңірде эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында республикалық бюджет есебінен аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егу, диагностикалық тексеру жұмыстары жылда тұрақты жүргізіліп келеді. Былтыр еліміздің бірнеше аймағында жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының 149 ошағы тіркелсе, биыл мұның саны 23-ті көрсетіп отыр. Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында облыста үстіміздегі жылы аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға ветеринариялық препараттар республикалық бюджет есебінен қаралып отыр.

Жиын соңында облыс әкімі жергілікті жерлерде эпизоотиялық тұрақтылықты сақталуын қатаң бақылауға алуға, жеткізілген ветеринариялық препараттардың талапқа сай сақталуын, алдын ала егу жұмыстарының сапалы жүргізілуін бақылауға ұстауды ескертті. Сондай-ақ, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріп, жұмысты уақытылы жүргізуді тапсырды.

Есет ТАБЫНБАЕВ.

● ЖАҢА ТӘЖІРИБЕ

ТОҒАНДАП БАЛЫҚ ӨСІРУ – ТАБЫС КӨЗІ

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, өнім өндіру, өңдеу ісін қарқынды бүгінгі күннің басты талабы екені әмбебап аян. Бұл тұрғыда Қазалы ауданында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Осындай игілікті істің басы-қасында жүргендердің бірі жеке кәсіпкер Төрбек Ігілікөв десек, бек жарасамды.



«Т.Ігілікөв» шаруа қожалығы балық аулау өндірісін дамытуды басты назарда ұстайды. Осынау ынтымақ-бірлігі бекем ұжымда Арал теңізінен ауланған балықтың түрлері тоназғу қоймаларында қатырылып, сақталады. Бұл сан қабат шаруаның бастамасы ғана. Айта кетерлігі, мұнда әзірленіп, арнайы каптамаларға салынған сапалы өнім еліміз бен Ресейге мұздатылған күйде сатылады. Өткен жылдың өзінде 100 тоннаға жуық балық өңделіп, экспортталуы сөзіміздің нақты дәлелі.

Шаруаны алға жылжытуға қаражат қажет екені белгілі. Төрбектің бұл тұрғыда айы оңынан туғандай. Ол кәсіпкер ретінде «Балық өнімдерін өңдеу цехын іске асыру жобасы» бойынша «Банк центр кредит» АҚ арқылы қажетті несие алуға қол жеткізді. Осылайша балық өңдеу, сақтау ғимараттарының құрылысы салынды. Ғимаратқа тоназдықтқыштар мен қосымша қондырғылар орнатылды. Балық өңдеу цехы балық өнімдерін тазалайтын, тұздайтын, жұмысшыларға арналған бөлмелермен жабдықталған. Зауыттың жобалық қуаттылығы тәулігіне 5 тоннаға дейін балық сүбесін өндіруге есептелген.

Төрбек басшылық жасайтын ұжымда көптеген адам еңбек етеді. Ал Арал ауданындағы үш аймақтық цехында да бірқатар тұрғын жұмыспен қамтылған. Аталған цехта балықтың көксерке, торта, табан, ақмарка, тағы басқа түрлерінен сүбе дайындалады. Сонымен қатар, Арал ауданындағы көлдер жүйесі аумағында тоғандап балық өсіру шаруашылығымен айналысып жатыр. Келешекте балық тоғанын ұлғайту межеленуде.

Өңірде сексенінші жылдары тоғандап балық өсіру жаксы дамыған болатын. Міне, осы дәстүрлі Төрбек қайта жаңғыртты. Қазір жана бағыт бойынша үлкен жұмыстар жасауда. Бұның ерекшелігі – колда өскен балық қай уақытта да табыс көзі.

Кім болса да, өзінің шаруашылығын кеңейтіп, қарқынды жұмыс жасауды мақсат тұтатын табиғи құбылыс. Біздің кейіпкеріміздің де алға қойған биік жоспары бар екен. Талабына шын пейілімізбен сәттілік тіледік.

Қандай шаруаны қолға алмайық, халық игілігі үшін жасауды көздейміз. Кәсібин дөңгелегтем деген адамға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдіктер, қолдаулар аз емес. Бізде кәсібімізді несие алып бастадық. Алғашқы уақытта қиындықты да кездестірдік. Қазіргі таңда еңбегіміз жемісін беруде, – дейді кәсіпкер.

Жұмабек АЙДАРБЕКҰЛЫ.
Қазалы ауданы.

● АКТИВ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен мәжіліс өтіп, онда бұған дейін облыс әкімінің кеңесшісі қызметін атқарған Артур Нығметовті әріптестері, актив мүшелері жана жұмысымен құттықтап, шығарып салды. – Қазір облыстың бас ғимаратынан тәлім алған білікті мамандар республиканың түкпір-түкпірінде, сонымен қатар Президент Әкімшілігі, Премьер-Министр Кеңесі мен басқа да орталық мемлекеттік органдарда қызмет етіп, біліктіліктерін танытып, аймақ абыройын асқақтатып жүр деп мақтанышымен айта аламыз. Осыған дейін облыс әкімінің кеңесшісі лауазымын атқарып келген Артур Сағидоллаұлы Нығметов еліміздегі ақпараттық саясатты жүзеге асыратын

маңызды құрылымдардың бірі – Орталық коммуникациялар қызметінің директоры болып тағайындалды. Артур Сағидоллаұлы жас та болса, өзін іскер де білікті, білімді де парасатты азамат ретінде таныта білді. Сыр өңірінде аз ғана уақыт еңбек еткеніне қарамастан, ол көп іс тындырды десек, артық айтқандық болмас. Ол жергілікті атқарушы органдар мен бұқаралық ақпарат саласы өкілдерінің арасында жаңашыл қарым-қатынас орнатып, аймақтағы атқарылған жұмыстардың жоғары деңгейде ақпараттандырылуына ерекше үлес қосты, – деп атап өткен облыс әкімі жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Артур Нығметов – Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (2007 ж.), Мәскеу саяси зерттеулер

мектебінің (2008 ж.) түлегі. SIPU International - шведтік мемлекеттік және муниципалдық басқармасында тағалымдамадан өткен. Жеке коммерциялық телевидениеде жаңалықтар қызметінің редакторы, авторы, телебағдарлама жүргізушісі болды. Медиалық технология орталығының директоры, «Нұр Отан» қоғамдық-саяси партиясы институтының қолдауымен «SagarTime» сарапшылық клубының басшысы болған. 2015 жылғы тамызда Алматы қаласы әкімінің баспасөз хатшысы болып қызмет атқарған.

Мәжілісте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Артур Нығметовті Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен марапаттап, естелік сыйлық табыстады.

Жиында Артур Сағидоллаұлы да сөз алып, қызметте қолдау білдіріп, үлкендік қамқорлығын аямаған аймақ басшысына алғысын жеткізді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

2017 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауға байланысты облыс бойынша барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының (таңдаушылардың) тізімі

Қызылорда облыстық мәслихаты			
Жұмашев Мейрамбек Тоғисұлы	Бедер Кәдірберген Бедерұлы	Өнгарбаев Имамдин	Өтеев Мнажадин
Тілеп Ібайдулла Тілепұлы	Ерхатов Аманбай Елеуұлы	Әбдікәрімов Шәкізада	Дауренбаев Ануар
Үйрекөв Кенжебек Сисенұлы	Байназарова Райкүл Мансурқызы	Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы	Есенов Расул Өбүтәліпұлы
Нұрымбетов Жанарбек Сражұлы	Құттықожаев Ібайдулла Дүйсенбайұлы	Әлімқұлов Темірхан Мәлікұлы	Жансакалов Өбдімәжит Алмағамбетұлы
Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы	Кенжебаев Темірхан Бердалыұлы	Арысбаев Аманкелді Қонысбайұлы	Байсаламов Наурызбай Сейталиұлы
Махашов Бахдаулет Еркінбекұлы	Жансаламов Наурызбай Сейталиұлы	Нұрымбетов Жорабек Ибрагимұлы	Шаутай Тілеуберген Құдайбергенұлы
Қасымов Қалмырза Айдарұлы	Ысқакова Райхан Хусайынқызы	Бекжанов Мадихан Өріпұлы	Ысқаков Жанкелді Ойшыұлы
Әмітов Нұридін Егенбердіұлы			
Арал аудандық мәслихаты			
Аяпов Қазыбек	Смағұлов Файзулла Дайрабайұлы	Ермұхамбетов Қуаныш Аманжолұлы	Жалғасбаев Дайрабай Баймұратұлы
Прекеев Батырхан Орымбайұлы	Баймырзаев Жақып Өуезханұлы	Тұраметов Базарбай Шүменұлы	Кеуілжаев Мұхтар Қуанышұлы
Ізбасаров Әлібек Мырзаханұлы	Асанбаев Арғынбай Балпашұлы	Жанназарова Санира Нұрқожақызы	Сенбаев Темір Алдажұмаұлы
Садуақасова Ақыл	Мадинов Дауренбек Жолдасұлы		
Жалғасбеков Жангелді Бөзжігітұлы			
Қазалы аудандық мәслихаты			
Ізбасқан Ләззат Шманқызы	Әліпбаев Талғат Өзімжанұлы	Қожаалпесов Қуандық Бахытжанұлы	Орымбаев Арғын Қайырбайұлы
Имандосов Нұрлан Самарұтылы	Әліп Ғазиз Әлмамбетұлы	Урманбаев Самалбек Жұмамұратұлы	Сарабеков Әлібек Сербайұлы
Қоланова Жанат Қуанышқызы	Әлімбай Қасқырбай Әлімбайұлы	Ізмағанбетов Бауыржан Тірілбергенұлы	Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы
Мамбетжан Қасқырбек Өмірзақұлы	Бекбаулов Беккалі		
Мешітбай Денес Кенжебайұлы			
Қармақшы аудандық мәслихаты			
Пірмантаев Нұржан Айдарбекұлы	Үсенов Алтай Үсенұлы	Ералиев Төлеу Айманұлы	Беркбергенова Әсия Мүсілімқызы
Разиев Еркін Оразалыұлы	Қаржаубаев Алмасбек Жұбанұлы	Настулы Марат	Тілеугабылова Жұмагүл Қосжанқызы
Есчанов Мырзәдәулет Алдамбергенұлы	Ұзақбаев Ғалымжан Әлімұлы		
Раева Құлжаухар Төлегенқызы			
Ибраев Мұхтар Айшықұлы			
Жалағаш аудандық мәслихаты			
Бакбергенұлы Ерхан	Әліева Рауаш	Еспанов Мейрамбек Ұзақұлы	Мұстафаева Қаншагүл Шонмұрынқызы
Махатова Ақшагүл Тәкірқызы	Күлбодиев Мұхтар Тоқтарұлы	Әбдіқалыров Елубай Бижұмаұлы	Сүлейменов Кенжеғара
Бекжанов Әліби Бақытбекұлы	Қыпшақбаев Ахділда Рахметұлы	Нұржан Әлімаш Әлімқызы	Төлегенов Төребек
Жаманов Мейрамбек Елубайұлы			
Сырдария аудандық мәслихаты			
Сейтмұратов Оразбек Ешмағанбетұлы	Қаюпов Сламбек Шахапұлы	Әжікенов Ержан Ертұрғанұлы	Жақыпов Ержан Төлебергенұлы
Садықова Манат Рүстемқызы	Жұмабаев Жұмабек Әшімұлы	Есназар Бағдат Мәнесұлы	Амалатдин Ақбас Камалатдинұлы
Ерналиев Дархан Жұмашұлы	Қадыров Бердібек	Бисенов Марат Алдабергенұлы	Әбдіқалыков Иса Жақыпұлы
Нәлібаева Жаннат Мәделханқызы			
Шіелі аудандық мәслихаты			
Әбдіқалдырова Айтқұл Әлиқызы	Оразбекұлы Әшім	Дүйсенов Мейрамхан Мұсаханұлы	Шәукебаев Казбек Алтынбекұлы
Мақұлбеков Әбділда Кемелбекұлы	Маханбет Патима Шаймерденқызы	Әмір Нұрлан Әмірұлы	Маманова Айдана Тұрсынбайқызы
Женсікбаев Ерболат Аяқұлы	Жойкелдиев Қалдырқұл Касенұлы	Абдуллаев Әлімқали Мырзахметұлы	Қоймбеков Дәулет Егембергенұлы
Палымбет Нәйле Әбілқасымқызы	Көпенов Нәсіпбай Дүйсенұлы	Әшірбеков Бағлан Әмірұлы	
Жанакорған аудандық мәслихаты			
Қыстаубаева Әзия	Қолжанов Нарымбет Сәрсенбекұлы	Оразгелдиев Сермахан Серікбайұлы	Құтыбаев Рахым Байбосынұлы
Мамұов Талғат Хуланбайұлы	Исханов Құлмағанбет Оразқұлұлы	Қалдыбаев Тұрдалы	Қалжанов Нұрлыбай
Балқожаев Мажит Байқожаұлы	Ильясов Ергали Орманұлы	Әбқалелова Зағипа Бегманқызы	Нәдібаев Әлібек Мәшбекұлы
Мажитов Арман Әбілпейісұлы	Абдуллаев Серік Орынбасарұлы	Амалбеков Жасұлан Бекенұлы	
Қызылорда қалалық мәслихаты			
Жақсылықов Ғалымбек Жақсылықұлы	Байтільес Ержан Айтөреұлы	Пазылов Сәбит Бексейітұлы	Накып Әнуар Мәуленұлы
Ибраев Нұрболат Балтабайұлы	Мақашов Талғат Бақытбекұлы	Ерназаров Қайрат Шаршыбекұлы	Каримбаев Мұхитжан Исмайұлы
Мампаев Әжібек Алғабекұлы	Ахатов Нұржан Сәбитұлы	Боханова Роза Аянғалқызы	Ліи Ілларин Гукхенович
Қожанизова Ләйлі Ақбергекқызы	Быхожаева Сәрсенкүл Байдешқызы	Абдраханов Шәріп Ақбарұлы	Жарасбаев Жасұлан Бақытұлы
Орынбасарұлы Қайрат	Сүйінтаев Алтынбек Тұғанбекұлы	Искаков Бақдәулет Құлбекұлы	

● ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

СЫР ҚАУЫНЫҢЫҢ СЫРЫН ҚҰҚТЫРҒАН

Уақыты бағала, уақыт – емші, уақыты келген күн, уақыты босқа өткізбе, алтын уақытың бөліп келіп жатыр деген секілді теңеулер уақыттың қаншалықты қымбат екендігін білдірсе керек.

Міне, Еңбекші ауылының төрінде дүниеге келген Қанағат Біләуұлы Пайғамбар жасы – 63-ке толып, зейнеткер атанып отыр. Өріне, сол кезегіне сәйкес еңбекті ту қылып ұстаған отбасында балаларың адалдылық, еңбекорлыққа, тәрбиелеген әкесі мен әжесі оның атын Қанағат деп қоюында да терең пәласаға жатқандығы айқын.

Кенестер кезінде барлығы дұрыс болмады деген жаңсақтық болар еді. Осы Қанекендер сол кезеңде, жағдайға сай мектепте оқып жүріп күрші орағына, шеп ортаға, сақпанға қатысса, үйдегі мал жайлау, отын жару, қора жолдыса, кесек құю айтылмай-ақ саналы дәрежеде орындалатын жұмыстар еді.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жұрда Сырдария аудандық прокуратурасының бастамасымен ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Формация комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің және аудандық мүгедектер қоғамы қоғамдық

МҮГЕДЕКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

бірілестігінің мүшелері жұмысын топ құрып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар құқықтарының бұзылғанын анықтады. Атап айтқанда, «Мұнайға, алға ұмыт!» акциясының шеңберінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 94 мүгедек азаматтың, оның ішінде 44 мүгедек баланың құқықтары бұзылғаны әшкереленіп, аудандық прокуратурамен сан бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар енгізілді. Соған сәйкес, аудан прокуроры Асхат Тәженов аталған акцияны қорытындылауға арналған баспасөз брифингін өткізді. Баспасөз мәлімдемесінде анықталған кемшіліктер туралы жан-жақты мағлұмат берген Асхат Бисенбайұлы бірқатар маңызды мәліметтерді атап өтті.

дайларына, қажетті жетек арбалармен қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізді. Прокурорлардың жіті зерттеуі негізінде аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі арқылы былыт-ыр 12 мүгедек адам (5-і бала) жетек арбалармен қамтамасыз етілген. Алайда, 5 мүгедек балаға берілген жетек арбалар олардың дене пішініне, жас молшеріне сәйкес келмейді. Яғни, стандартқа сай емес. Мәселен, екі жасар Шаттықұлы Аманға ересек адамға арналған жетек арба берілген. Бұл оның саулығына ешқандай пайда әкелмейді. Мұндай бірнеше дерек анықталды. Сондай-ақ, аталған бөлім мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қажетті құрал-

жабдықтарды сатып алуға да дұрыс талдау жасамаған. Жіберілген кемшілік салдарынан 2012-2016 жылы қайтыс болған 8 адамға кресло-арба алуға сұраныстар берілген. Бұл қызметтегі салғырттықты білдіреді. Бұдан бөлек, 23 мүгедек азамат, оның ішінде 12 мүгедек бала тегін берілетін дәрілерді алмаған. Бағасы 18000-20000 көлеміндегі қымбат дәрілерді өз қаражаты есебінен сатып алуға мәжбүр болған. Бұл кемшіліктер бүгін жойылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тегін дәрілер табысталды, – деген аудан прокуроры медициналық қызмет көрсету сапасына қатысты да өрескел заң бұзушылықтар орын алғанын айтты.

Баспасөз-конференциясында аудандық прокуратураның бастамасымен қолға алынған жұмыстың шарапатын сезінген мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары М.Батшынса мен Ш.Ақбергенованы риясыз алғыстарын айтты. Сонымен бірге, аудандық мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Б.Сауытбаев соңғы уақыттағы аудандық прокуратураның игі істері мен жүйелі жұмыстарына ризашылығын білдірді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Сырдария ауданы.



– Ұлттық ғылым академиясының академигі болуыңызбен құттықтаймыз, аға! Бұл сізге қандай міндет пен жауапкершілік жүктейді?

– Рахмет. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы – іргелі ғылымның орталығы, терең тарихы бар еліміздегі ең жоғары ғылыми ұйым. Ұлттық ғылым академиясы 1946 жылы құрылды. Бірінші президенті академик Сәтпаев Қаныш Имантайұлы. Сондықтан іргелі ұйымның академигі болу – үлкен жауапкершілік.

Ғылым – жалпы қоғамның, мемлекеттің даму және білім деңгейінің негізгі көрсеткіші. Қазіргі кезде әлемде биология, оның ішінде молекулалық биология мен гендік инженерия саласында үлкен революциялық жетістіктер

Академик Қаныш Сәтпаевтың айтқаны бар: «Ғылым майланының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен оту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне көтеріледі» деп. Ғылымның қазанында қайнап, биікке көтерілген Амангелді аға өткенде Ұлттық ғылым академиясының академигі атанды. Жерлесімздің жетістігіне қуанып, оны әңгімеге тарттық.



Амангелді БИСЕНБАЕВ, биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі:

молекулалық механизмдерін айқындау. Біз бионергетика саласында да көптеген жұмыс атқарып келеміз.

Қазақстан – органикалық қазбалы отынның, кең көлемді жаңартылмалы ресурстардың жеткілікті қорына ие. Қазіргі таңда өсімдік биомассасынан алынатын биотанол, биобутанол, биодизельді отын, биогаз сияқты жаңартылмалы энергия көздеріне көп көңіл аударылып отыр. Бензиннің, этанолмен 15 пайыздық қоспасы көмірқышқыл газының бөлінуін 30 пайызға азайтады. Сонымен қатар зиянды газдардың бөлінуін 40 пайызға төмендетеді. Біз целлюлозистикалық ферменттер мен целлодекстриндерді

ҚАЗАҚ ГЕНЕТИКАНЫ ОҚЫМАСА ДА, ТҰҚЫМ ҚҰАЛАУ ҚҰБЫЛЫСЫН ЖЕТІК БІЛГЕН

байқалады. Алдындағы міндеттердің бірі – биология ғылымының осы саласында жоғары деңгейдегі мамандар дайындауды жалғастырып, осы ғылым саласының республикамызда жоғары деңгейге көтерілуіне және дамуына атсалысу.

– Ғылым жолына аттай қалап келдіңіз бе? Мектепте қалай оқып едіңіз?

– Мен 1966 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында – қазіргі Өйтеке би кентінде дүниеге келдім. 1983 жылы №216 орта мектепті өте жаксы бағамен бітірдім. Ауылда анам Бибайшаны барлық ғылым саласының докторы деп атайды. Өйткені жанұямызда физика, философия, шығыстану, филология және медицина саласының мамандары бар. Мысалы, үлкен ағам Күзәтбай – физика ғылымдарының докторы, профессор. Өз саласындағы белгілі, ірі ғалымдардың бірі. Файзулла – философия ғылымдарының кандидаты, доцент. Қалған ағаларым да – өз салаларында үлкен жетістікке жеткен ғалымдар. Менің биология саласын таңдауыма түрткі болған – осы ағаларым. 80-жылдардың басында ағаларымның біреуі Киев университетінде аспирантурада (Украина), екіншісі Санкт-Петербург (Ленинград) университетінде оқып жүрді. Сол кісілер енді-енді дамып келе жатқан молекулалық биология саласына қызығушылық туғызып, әртүрлі кітаптарды алып беріп, менің осы саланы таңдауыма себеп болды.

– Молекулалық биология, генетика дегеніміз – күрделі әрі ауымды сала. Осы бағытта қандай жұмыстар жасап жатырсыз?

– Ген – қарапайым дезоксирибонуклеин қышқылының тұратын ұрыс-полимер (ДНҚ). Онда аламын морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық, типті мінез-құлымы туралы ақпарат жазылған. Бір адам денесінде ұзындығы 50 миллиард километрден астам ДНҚ бар. Салыстырғанда, күн мен жердің ара қашықтығы – бар-жоғы 149 млн километр. Генді келесі ұрпаққа берудің бір ғана жолы бар, ол – көбею. Сондықтан біреудің баласына қарап «әкесінің аузынан түскендей» деп айтады. Сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен генде өзгеріс (мутация) болса, ол тұқым қуалайтын аурудың пайда болуына әкеп соғады. Сондықтан гендердің құрылысы, олардың экспрессиялану ерекшеліктері және реттелу механизмдерін білу медицина, ауыл шаруашылығы, типті энергетика саласындағы маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Менің негізгі ғылыми-зерттеу бағыттарымының бірі – осы гендер экспрессиясының реттелуінің молекулалық механизмдерін зерттеу. Сонымен қатар медицина саласында маңызды саналатын адам белоктарын (гормон, вакцина және тағы басқа) синтездейтін гендерді енгізу арқылы, рекомбинантты, яғни генетикалық модификацияланған бактерия және ашытқы штамдарын алу.

Екінші бір бағытым – клеткадағы ДНҚ репарациясының, яғни гендердегі мутацияларды жөндеп, қалпына келтіретін арнайы клеткалық жүйелерді зерттеу. Осындай іргелі ғылыми бағыттарымың бірі – клеткалардың программаланған өлімінің

ЧЕК ТАЛАП ЕТКЕНДЕР ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде республикалық «Чек талап ет – жүлде ұтып ал!» акциясының алғашқы ұтысы ойналды.

«Чек талап ет – жүлде ұтып ал!» акциясы – ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ұйымдастыруымен және «Атамекен» ҰКП қолдауымен екінші жыл өткізілуде. 1 мамыр мен 30 қараша аралығына жарияланған республикалық акцияның негізгі мақсаты: - азаматтардың белсенділігін және халықтың салықтық мәдениетін көтеру; - бақылау-қаса машинаны қолдану арқылы салық төлеушілер арасында салық төртбітін талап ету негізінде бюджетке салық түсімдерін көбейту; - көпелеңкі экономикаының көлемін қысқарту.

Бұл Акцияның ерекшелігі – электрондық форматта

«Wіron» мобилді қосымшасы арқылы өткізіледі. Қосымшаны ақссыз көшіріп алып, смартфондардың барлық түрлері мен басқа да жалғестерде пайдалануға болады. Акцияға тұтынушылар сатып алған тауар үшін, жұмыс немесе қызмет үшін берілген фискалды чектің фотосын жіберу арқылы Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Егер фискалды чек берілмеген жағдайда, азаматтар бұл бұзушылықтарды көрсетіп шагым жібере алады.

2017 жылдың мамыр айында облыс бойынша «Wіron» мобилді қосымшасы арқылы 7858 чек жіберілген. Көп көлемді чек жолдаған белсенді қатысушылар ұтыс ойынына шақырылды. Автоматтандырылған бағдарлама арқылы кездейсоқ таңдау әдісімен үш жүлдерге анықталды. Быылғы жылғы акцияның бірінші жүлдесі – шансортыш

мәселелерге арналмады және өндіріспен тығыз ұлпастыра білді. Қанекен ҒЗИ жаңа қырынан көріне білді. Аймақ үшін маңызды көнікес, бақша дақылдар өсіру, аймағмыздың табиғи қимнаттық жағдайына бейімделген, өнімді мол, сапасы жоғары сорттар шығарумен айналысуда.

Қанағат Бегалиев Ү.Жакаев атындағы Қазақ күршіш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында картон жаңе көкөніс, бақша шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруда. Өңірмдіде, ауыл шаруашылығы ғылымының өркендеуіне, ғылым мен өндіріс арасында әріптестік байланыс орнатуға және ауыл шаруашылығы өндірісіне білікті мамандар даярлау ісіне көп еңбек сіңірді. Әсіресе, Сыр қауынының даңқын қайта жаңғыртуда ол дақылдың ерекшеліктерін зерттеп, тынымсыз ізденіс үстінде.

М.СНАДИН.

ЖАТТЫҒУ ЖАСАЛДЫ

Табиғат байлығы – мемлекет қазынасы. Оны көздің қарашы-ғындай қорғау жауапты мекеменің міндетіне жатады. Сол үшін көктем-жаз айларында арнайы жаттығулар өткізіп, дайындық жұмыстарын ширатады, техниканың мүмкіндігін тексереді. Жалпы, Жанакорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі коммунадық мемлекеттік мекемесінде орман қоры жері 791535 гектарды құрайды. Оның ішінде орманды жерлер 691639 га, ормансыз жерлер 99896 га, орманмен қамтылған алқабы 540847 гектар болады. Бүгінде мекеме бойынша 77 қызметкер орман қорын қорғауға салалық сынақтардан өткен.

Жұрда қауіп қон маусымын сәтті өткізу үшін орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-жоспарына сай тактикалық жаттығу жасалды. Шара барысын Жанакорған ауданы әкімінің орынбасары Ғ.Сопбеков қадағалады.

Жергілікті төтенше жағдайлар мекемесі және ауылдық округтер тұрғын қорылған ерікті өрт сөндіру жасақтарымен бірлескен өрт тактикалық оқу-жаттығуда ортақ міндетке деген жауапкершілік сезілді. Жаттығуға қатысқан ІА3-3308 арнайы өрт сөндіру машинасы, Уаз Фермер 390945-330 автокөлігі, МТЗ-80 тракторы тіркесімен, ХТА-200-10 және ХТЗ-150 тракторлар соқасымен өртті лезде сөндіруге жұмылды. Осылайша өрттің алдын алу мақсаты орындалды. Бір айта кетіні,бұған дейін ауылдық округтер мен елді мекендерге орман өрттерінің алдын алу мақсатында ескертпе хат таратылып, ортақ байланысты жиналстары өткізілген еді. Онда 520 дана үгіт-насихат ретінде елді мекендерге ұнпарак таратылды. Мекеме бойынша 10 дана аңшылар жанадан қойылып, орман қоры жерлеріндегі 19 аңшылақа жанарту жұмысы жүргізілді.

Қ.ҚҰРБАН

– Академик Асқар Жұмаділдаев: «Қазақ тілін ғылымға араластыруымыз керек», – депті. Сіздің пікіріңіз қалай?

– Академик Асқар Жұмаділдаевпен толығымен келісемін. Кез келген елде сөйлеу немесе ауызекі, әдеби және ғылыми тілдер қатар жүреді. Әдейі тіл ортақ үлгіге бағынатын болса, ауызекі тіл кішкене көрсемдік, дәлдік жағынан өңделген болар. Ал ғылым тіл халықаралық деңгейде көп қолданылатын терминдермен қаныққан. Сондықтан қазақ тілін ғылыми тіл ретінде қалыптастыру өте маңызды. Өріне, биология саласында ағылшын тілін жетік білуге тиіссін. Өйткені әлемдегі осы саланың жанадықтары осы тілдегі журналдарда жарық көреді және өз еңбегінің жоғары дәрежедегі журналдарда жарық көруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар жетік технологиялары бар халықаралық ғылыми орталықтармен тәжірибе алмасу үшін де ағылшыншаң жаксы болу керек.

– Қазақстан ғылымдыдағы плагиат туралы жні айтылады. Бұған не түрткі болуы мүмкін?

– Басқа автордың ғылыми туындысын иемдену мәдениеттің төмендігінен деп ойлаймын. Ғылымдағы плагиаттықтың астарында әлеуметтік мәдени және ідеологиялық себептер жатыр. Бұған түрткі болып отырған себептердің бірі – ғылымға кездейсоқ адамдардың келуіне мүмкіндіктің болуы. Ғалымдардың ғылыми жетістіктерін бағалауда сандық емес, сапалық көрсеткішке аса көңіл бөлмесе де болмайды.

– Потенциалы жоғары ғалымдар неге шет ел асып кетіп жатады?

– Өйткені әлемде ғылымның мәні жоғарылап келеді. Жоғары ғылыми технологиялар негізгі өндіріс күшіне айналады. Бұл үрдіс жоғары дәрежедегі мамандарға деген қажеттілікті арттырып отыр. Сондықтан жас талантты мамандарға кез келген дамыған мемлекетке жұмыс табылады. Талантты жас мамандардың белгілі бір бағытта ағылуын тоқтата алмайсыз. Өйткені бұл химиялық реакция сияқты, тура да, кері де жүретін мүмкін. Қай бағытта жүретіні әр мемлекеттің саясатына байланысты. Қай мемлекетке қарай ағады, сол мемлекет әрқашан ұтады.

– Жастардың ғылымға қызығушылығын, бетбұрысын қалай бағалайсыз, аға?

– Мен 16 жыл бойы республикалық биологиялық олимпиадада қазылар алқасына төрағалық еттім. Сонымен қатар осындай қай халықаралық олимпиада қазылар алқасының мүшесі және Қазақстан командасының ғылыми координаторы да болдым. Сондықтан еліміздің жастарының ғылымға қызығушылық деңгейін жаксы білемін. Қазіргі кезде халықаралық олимпиадалың жүлделерлері әлемнің ең мықты деген университеттерінде білім алып жатыр. Біздің республикада талантты жастар өте көп. Осы бағдарлармен Қазақстанда әлемге жария ететін экономикамызды жоғары дәрежеге жеткізетін ғалымдар шығатынына сенемін.

– Ғылым да, білім де – иемен құдық қазандай іс. Ісіңіз өнімді бол-сын, рахмет!

Сұхбаттасқан:
Нәзерке САНИЯЗОВА.

EXPO
2017
ASTANA
FUTURE ENERGY

БӘЙГЕ

САРЫАРҚА ТӨСІНДЕГІ СӘЙГҮЛІКТЕР САЙЫСЫ



Айшығы аспанмен астасып өтіп жатқан Астанадағы ЭКСПО халықаралық көрмесі қазақ даласында сексен жыл дәуірлеген Қоянды жәрмеңкесінің заманауи бейнесін қайта жаңғыртқандай.

Әсіресе көрме көркін кіргізген ұлттық ат спорты ойындары «көрген де, көрмеген де арманда» деген сөздің сипатын ашып берді.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесіне арналған ат спорты турнирінен «ЭКСПО-2017» кубогы Астанадағы «Қазанат» ипподромында өтті.



Ат бәйгесіне өз еліміздің аймақтарынан басқа, қырғыз, өзбек, башқұрт елдерінен, Ресейден, Дағыстаннан, Солтүстік Осетиядан, Польшадан, барлығы 150-ден астам құйрық-жалын түйген жүйріктер келді.

Жел жыртықан жебедей жүйтікпен тұлпарлардың 2 шақырым 400 метрлік айналымында Солтүстік Осетиядан келген Тигиев

деген азаматтың боз тарланы жанкүйерлерді кикулатып, ісесіне көрме кубогы мен 50 мың доллар ақшалай сыйлық алып берді. 20 мың доллар сыйы бар екінші орынды айыр қалпақты ағайындардың алты жасар жирен айғыры жеңіп алды. Қазақстандық Қ. Ақсақовтың күресі мөрені үшінші болып қиды.

Ал, 1 шақырым 800 метрлік қашықтыққа

шапқан жүйріктердің ішінен «Шаңтисес» деп аталатын сәйгүлік шынында шаң тимес екен. Жарықтық сөреден созыла шыққан күйінен жаңылмай он алтынның алды болып келді. Атағын қазаққа, данқын өзіне, 50 мың долларды ісесіне алып берген сұлу сәйгүлікке шетелдіктер шуласа мадақ айтты. Көз тимесін!

Бәйге арасындағы «қыз қуу», «теңге ілу», «жамбы ату» сияқты ұлттық ойындар да көрерменінің көңілін көкке көтерді. Шауып бара жатқанда айналып секіріп, табанымен жер тіреп, аттың мойнына қайта қарғып міну қандай ғажап өнер.

«Кентавр» мифі дәл осы көрініске қатысты пайда болыпты дейді. Ертеде қазақтар Еділ мен Тұранның шығып, алыс жерлерге жеткен. Шауып бара жатып аттың мойнымен тұтасып кеткен олардың кейпіне көз ілестіре алмаған еуропалықтар адам басты ат көрдім деген.

Енді, бәйгеге оралайық. Боладысы да, болғаны да қызық, аламанда «ат баптаған біздей болсын» деген алматылықтар алдына Атыраудан келген бір ғана жүйрікті, «Желқанатты» оздырды. Жетісу жүйріктері қуан бәйгеге де, топ бәйгеге де жүзделі болды. 15 шақырымдық ұшпалар жолында Асхат Әлімжанның «Доран» атты торы қунара баралана, 15 шақырымдық топ бәйгеге мөреге алматылық шабандоздың «Сүлікқарасы» сұрылып келді.

Айтпақшы, осы көрме аясында еліміздің 14 аймағында 20-дан астам сайыс өткізіледі деген ақпарат айтылды. Оны шеттен келген қонақтарымыз да тамашалайтын болады.

Бәрін айт та, бірін айт, көкпарды өзінен басқа ешкімге өңгертпейтін жаңақорғандық жампоздар аман болсын, біз де біраз мейманға қазақтың ат құлағында ойнаған өнерін паш етерміз.

Д.АЯШҮЛЫ.

Елбасы дәстүрлі Жолдаулары мен сұхбаттарында дені сау ұрпақ қалыптастыру керектігін баса айтып келеді. Иә, біздің қоғамның басты байлығы – адам және оның денсаулығы. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейінгі аралықтағы жандардың жағдайы бір сәтке де назардан тыс қалған емес. Оның дәлелі – бірінші байлығымызды жеті қарағала, сүзіден өткізетін түрлі медициналық орталықтар. Сондай-ақ, Астана мен Алматыдан бастап сонау шалғайдағы ауылдарға дейін қамтылған спорт алаңдары, үйірмелер, тағы басқалар. Бірақ, кейде өз денсаулығымыз өзіміздің қолымызда екендігін ұмытып кете береміз. Жуырда спорт шынымен ұзақ өмірдің, жайдары көңіл-күйдің, қартайсаңда да таяқ ұстамай ширақ жүрудің кепілі екенін Әйтеке би кенінің тұрғыны Аққоян Ресалиев ақсақалды көргенде аңғарды.



кейін інім өзіме кері «аға, ақшаң келді, азық-түлік алдық, рахмет» деп жазатын. Осындай үздік көрсеткішінің арқасында СССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған Георгий Маленковтың қолынан алтын сағат алу бақыты бұйырды, – делі ақсақал.

Әскер қатарынан келгеннен кейін туған жерге келіп, теміржол саласынан зейнеткерлікке шықса да өз денсаулығын күтіп, қалыптасқан дағдысы бойынша спортпен шұғылдануын қоймапты. Шүкір, олжасыз да емес. Ардагерлер арасында қашықтыққа жүгіруден, шаңғы тебуден өткен жарыстарда қанжығалаған медальдары мен «Алғыс хаттары» жетерлік. Салауаттылық салтын сақтаған қарияға мемлекет те қамқорлығын жасап, демалыс орталықтарына жіберіп тұратын көрінеді. Ал, 1988 жылы «Қапал-Арасан» санаторийінде Дінмұхаммед Қонаевпен кездесудің сәті түсіп, күніне бірге 2 шақырымға жүгірген кездерін қартымыз сағынышпен еске алады. Өңтіме барысында алты Алашқа аты аңыз болып жеткен Димеккемен бірге түскен суретін отбасылық альбомындағы ең қымбат естелікке балайтынын атап өтті.

ЖЕТПІС СЕГІЗДЕГІ ЖЕЛАЯҚ

Ол тұратын көпқабатты үйдің ауласына кірген беттен кездесе кеткен кісіні бұрын көрмесем де, жазбай таныдым. Ішкі түйсігім алдамапты. Жүзінен мейірім төгіліп тұрған атай бірден газеттен келгенімді аңғарып, екінші қабатта орналасқан пәтеріне қарай ертіп барды. Ғұмырлық жолдасы Еркін апай екеуі тұратын үйдің ішінен де жылылық лебі еседі. Екеуара әңгімеден кейін кейіпкеріміздің ғұмыр жолымен де танысудың сәті түсті.

Аққоян ақсақал 1939 жылы Арал ауданына қарасты Бекбауыл қыстағында дүниеге келіпті. Өкеден жастай қалып, анасы мен інісіне қамқорлық танытқан жанның өмірден көрген мехнаты да аз емес. Бала кезінен спортпен тығыздықты шұғылдануының арқасында бәрін төтеп беріп келеді. Атамыз өткен ғасырдың 60-жылдары Қазалы ауданындағы №3 теміржол училищесіне оқуға қабылданыпты. Бөкпен айналысып, аудандық, облыстық біріншіліктерде топ жарған. Оқу ордасын тәмамдағаннан кейін әскер қатарына алыныпты. Украинаның Одесса қаласында Отан алдындағы борышын өтеп келген. Әскердегі сәттері туралы Аққоян атамыз былай деп еске алады:

– Алдымен Днепр жағалауындағы Запорожье қаласындағы сержанттар мектебінде бір жарым жыл даярлық сынағынан өтіп, Одессаға табан тіредік. Қарулы Күштер қатарында екі жыл әуе десанты болып, 281 рет парашютпен секірудің реті келді. Бір айда үш рет міндетті түрде әуеден қарғуымыз керек. Ол кезде әр секіргенімізге ынталандыру мақсатында сыйақы беретін. Сол тұстары біздің үйдің тұрмысы өте қиын жағдайда еді. Ауылда қалған анам мен ініме ақша салу үшін күнде парашютпен секіріптімен. Аман-сау түскеннен кейін қасадаң барып 12 рубль аламыз. Содан отырып, анама хат жолдайтынмын. Хат жібергеннен

– Жалпы, ұзаққа жүгіруді 2011 жылдан бастадым. Сол жылы Алматы қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ұйымдастырылған марафонға қатыстым. Содан кейін жарыстарға қатысу әдетіме айналды. Жуырда, Алматыда өткен марафонға барып, жетпістен жоғары желаяқтардың арасынан алтын алқалы болып қайттым. 20 мыңдай адам қатысты. Дәстүр бойынша марафон Тұңғыш Президент паркінде бастау алып, Орталық стадионда мәресіне жетті. Марафоншылар әртүрлі қашықтыққа жүгіреді. Осында 22 шақырым қашықтықты бағындырдым. Алдағы жылы 41 шақырымға жүгіруге жоспарымда бар. Құн сайын 12 шақырым жүгіремін. Марафонға дайындық кезінде «Тәні саулық жаны сау» деген. Барлығы денсаулықтың қамы. Мен ақша немесе медаль үшін жүгірмеймін. Жүгірсем, бірінші Алланың, әкешемнің, өмірден өткен қызымның, бауырымағым күрметіне жүгіремін. Соның арқасында өзімді тың, еркін сезінемін. Бала күнімен спортпен үздіксіз айналысқандық шығар, газетті де көздірілдіксіз оқимын. Жастарды спортпен айналысуға, тым болмаса, ара-тұра жүгіруге шақырамын, – дейді жетпіс сегіздегі желаяқ.

Сонымен қатар, қария атқанын мылқ жібермейтін мерген. Мылтық ату сайыстарына қатысып, жүлделер атанып жүр. Бұған қоса шаңғыда да жеделі еседі. «Қарты бар елдің қазынасы бар». Аққоян Ресалиев ақсақалдың осынау өнегелі еңбегі кім-кімге болсын, өнеге тұтуға лайық. Өскелен бұны осындай қарттардан үлгі алса, мемлекетіміздің келешегінің кемел болатыны айқын.

Есет ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

**МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ**

1 Жарнаны екінші деңгейлі банк немесе «Қазпоштаның» кез-келген бөлімшесі арқылы аударуға болады

Алушының аты-жөні, ЖСН, реквизиттердің дұрыс көрсетілуін қадағалаңыз!

2 Қаржының түскен-түспегенін 2-3 жұмыс күні ішінде тексеріңіз:

- Шот ашқанда - шотты тексеріңіз
- Шот ашпай төлегенде - банктің менеджеріне хабарласыңыз

Егер ақша қайтып келген болса енгізген деректерді тексеріңіз

Жіі кездесетін қателер

- алушының аты-жөні мен ЖСН дұрыс көрсетілмеген
- мәлшерлем дұрыс есептелмеген және жарна 15 төменгі айлық жалақыдан асып кеткен

KZ92009MEDS368609103
BSN 160440007161
BCK GCVPKZ2A

Жұмыс берушіге арналған **ТМК - 121**
Кәсіпкерлер мен Келісімшарт негізінде жұмыс істейтіндер үшін **ТМК - 122**

КӨРМЕНІ АРАЛАҒАН КЕЗДЕГІ ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН КЕҢЕСТЕР

ЭКСПО көрмесі ашыламы бері оны қызықтаушылар саны күн санап көбейіп келеді. «Жақсыны – көрмекке» деген, көрме павильондарын тамашалауға ағылған халыққа кеңестерді ұсынамыз.

ЭКСПО-ға таксимен келесіз де, көлігіңізбен келесіз де («Mega Silk Way» ОСО жағынан (Қабанбай батыр даңғылы жағы) тоқтаныз. Мәселен, көлігіңізді Mera немесе ЭКСПО-ның ақылы тұрағына қоя аласыз. Көлік тұрақты сағаты 200 теңге, әр кейінгі сағатына 100 теңге қосыла береді.

Ыңғайлы аяқ-киіммен келіңіз. Әсіресе, қыз-келіншектер биік өкше дегенді ұмыттыңыз. ЭКСПО көшені үлкен алаң. Билет құнын өтеп, уақытты тиімді өткізем десеңіз, көп көріп, көп жүруге тура келеді. Кешенің ауласына Еуропа көшелеріндегідей брусчатқалар төселген. Жай табан аяқ-киімді жөн көргеніңіз дұрыс болар.

Тамактанып шығыңыз. Өзіңізбен алып шыққан суды кешенге кіргізе ме, ол жағы белгісіз. Алайда, алаңдағы тіскебасар, сусынның бағасы әдеттегісінен қымбат. Туристердің қалтасына арналған. Мәселен, 0,5 литр «Тассай» суы – 450 теңге.

Жас балаларды (3-4 жасар), көп нәрсені түсінбейтін балаларды үйге тастап кетуге тырысыңыз. Себебі, оларға ғылым, мәдениет дегендеріңіз соңшалықты қызық емес. Өзі де шаршайды, сізді де шаршатады. ЭКСПО-ға кіреберіс жағында балаларға арналған жалға беретін қолықалар бар. Сағаты 500 теңге. Сіз кемінде көрмеде 3-4 сағат боласыз. Қанша төлейтіндігіңізді



есептей беріңіз. Өзіңізбен бірге жеке төл-құжатыңызды ала шығыңыз. Кіреді төлқұжат талап етіледі. Және велосипед немесе қолықалы жалға алатын болсаңыз, кепілге қалдыратын құжатыңыз болу керек.

ЭКСПО павильондарының барлығын көруге тырыспаныз. Барлығын бір күнде көру ауырлау болады. Өздеріңіз үшін қай елдер қызық болар еді деп, алдың ала жоспарлап алыңыз. Мәселен, мен көрген павильондардың ішінде Әзербайжан, Вьетнам, Жапония, Италия, Австрия, Словакия, Үндістан, Пәкістан павильондарын көруді сенімді түрде ұсынар едім. Бәрін бұрын өзіміздің Қазақстанның павильонын көруді ұмытпаңыз.

Алаңда немесе павильонның ішінде болып жатқан ұлттық өнер, ән-би қойып жүрген жоқсыз. Сондықтан, ұлттың көңіл-күйін, рухын сезінуге, түсінуге тырысыңыз.

ЭКСПО-ға билет құны демалыс күндеріне 6000 теңге, жұмыс күндеріне 4000 теңге, қыркүйекке дейін кез келген күнге 8000 теңге, 12 жасқа дейінгі балаларға 3000 теңге, 5 жасқа дейінгі балаларға тегін, студенттерге 50 пайыз арзан.

Билет бір күнге жарамды. ЭКСПО алаңынан шығып кетсеңіз, қайтып сол билетпен кіре алмайсыз. Көрме алаңына 9.00-22.30 аралығында кіре аласыз.

БАҚ көздерінен.

БАЙҚАУ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТ МЕРЕЙІ

Елбасы жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мәселесін назардан тыс қалдырмайды. Осы орайда, мемлекеттік органдар да ағартарлықты жұмыстар атқарып, туған тілдің өркендеуіне өз үлесін қосуда. Тіпті, қазір мемлекеттік тілді білу мемлекеттік қызметшілердің ең басты біліктілік талабына айналды. Сыр елінде де тіл саясаты тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне сай байланып, сындарлы қалыпта жүргізіліп келеді. Облыс көлемінде мемлекеттік басқару органдарында, ұйымдар мен кәсіпорындарда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі – «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте атты облыстық байқауы».

Облыстың ішкі саясат басқармасының ұйытқы болуымен өткізіліп келе жатқан бұл байқау да өз мақсатына жетті. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуді көздеген шараға облыстық басқармаларда, қалалық, аудандық әкімдіктерде қызмет істейтін қызметшілерден құралған 7 команда қатысып, біліктіліктерін ортаға салды. Қойылған

талаптар биігінен шығуға тырысты. Талапкерлердің өнерін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасқалиев бастаған әділқазылар алқасы бағалады. Үміткерлердің сөйлеу мәдениетіне, атаулар мен қанатты сөздердің дұрыс айтылуына, жауаптың толықтығы мен нормативтік-құқықтық әкімдерді білуге, сахналық образына баса назар аударған сарапшылар қорытынды кезінде Жалағаш ауданы әкімдігінің «Тіл сақшылары» командасына жүлделі I орынды табыстауды жөн көрді. II орын Жаңақорған ауданы әкімдігінің «Жалын» командасына бұйырса, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Сөз-маржан» командасы мен Шиели ауданы әкімдігінің «Жебе» командасы III орынды өзара бөлісті.

Жүлдегерлерге диплом мен арнайы кубоктар табысталды. Айта кетейік, жеңімпаз команда ендігі кезекте Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай өтетін «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» республикалық байқауына қатысатын болады.

М.СНАДИН.

КӨСІПТІ ОҚЫҒАННЫҢ КӨШІ ТҮЗЕЛЕДІ

Кәсіп ашу – оңай дүние. Алайда, оны дөңгелегіп өкту екінші бірінші қолынан келе бермейді. Осындайда бизнес-бәпкерлердің ақыл-кеңесі, семинар тренингтердің көптеп өткізілуі керек-ақ. Бұл мәселені бүгінде «Атамекен» ҰҚП жанынан құрылған «Агробіліктілік орталығы» ЖШС мен Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы мықтап қолға алып, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру шараларын жемісті жасап отыр.

Бұл жолы аталған мекемелер Шиели ауданындағы «Шиели Төрт түлігі» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің базасында «Түйе шаруашылығы» бағыты бойынша 4 күндік семинар өткізді. Семинарда БҰҰ жанынан құрылған Ауыл шаруашылығы жөніндегі халықаралық сарапшы, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ биотехнология кафедрасының оқытушысы PhD докторы, профессор Гаухар Қонысбаева дәріс оқып, қатысушылар қажетті мағлұматтарға қол жеткізді. Сондай-ақ, ойсылқара малының еті мен сүтінің құндылығы, түйе малын күтіп-бағудың өзіндік ерекшеліктері туралы білім алып, жергілікті кәсіпкер Сабыр Ермахановтың түйе сүтін өңдеумен айналысатын «Аруана» цехының жұмысымен танысты. Табиғи таза органикалық өнім болып табылатын түйе еті мен сүтін өндірумен айналысуға қызығушылық танытып, «Аруана» цехымен алдағы уақытта әріптестік байланыста болатынын жеткізді. Шара қорытындысында тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Айта кету керек, қазір ауылшаруашылық тауар өндірушілерге мемлекеттен көрсетілетін қолдаудың барлық түрлері туралы ақпарат қолжетімді. Онлайн өтініш беру де жолға қойылған, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған fermers.kz веб-порталы тұрақты жұмыс істейді.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ.

Мекені мекені:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және аудармалар - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
өспелісіпал - 70-00-39, 70-00-38
зәңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәли Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жаңақорған: Нұрмолан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сейсенбі, белсенді, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет қолмақтары Төтенше Тіркеу күнтізбесі №12993-47, 27.08.2012 ж.

«Сыр бойы» облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
«Сана менеджменті жүйесі»
талпатына сәйкес сертификатталған.

Ақпараттық қолмақтары бойынша
талпалық, қолмақтары өңделген және қалпына келтірілген.
Жарыққа шығатын талпалық
қолмақтары бойынша «АҚ» шығып шығады.
Жарыққа шығатын талпалық
редакция жауап бермейді.

Газет редакциясы компьютер орталығында
қалпын, «Сыр медиа» ЖШС өз бағаланып
басында. Тел: 87242 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 87242 70-14-08
тепелері неміне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбітшілік Сұлтан көшесі, 4 'А'

Таралымы 29286

Талпырыс № 711